

Разакова Алия Ахановнаның
6D050600-«Экономика мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Мұнай-газ өндіруші кәсіпорындарда
өндірісті әртараптандырудың экономикалық тиімділігі
(Қызылорда облысының материалдарында)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Әлемнің мұнай мен газ нарықтарындағы бағаның құбылмалылығы, тауарлық өнім ұсыныстарының сұраныстан асып түсуі, ғаламдық экономикада рецессияның туындауына саясаттың әсері көмірсутектер құнының 2014 жылдан бастап 2020 жылға дейін үш есе төмендеуіне әкеп соқтырды. Әлемдік мұнай-газ секторы өзге барлық экономикалар секілді коронавирус пандемиясы салдарынан айтарлықтай зардап шеккен. Мұнай мен газды импорттаушы жетекшіелдердің экономикасында тұтыну көлемі кенет азайтылды.

Қазақстан экономиканың мұнай-газ кешенінің кәсіпорындары, жалпы бүкіл мұнай-газ саласы да, қазіргі таңда, өндіріс үдерісінің әртараптандыру бағдарламаларын іске асырып, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, салалық нарықтарда тұрақтылықтың жаңа жолдарын іздестіріп, алдағы даму стратегиясын таңдауда. Қазіргі уақыттамұнай-газ өндіретін кәсіпорындар мен ірі компаниялар өз қызметін әртараптандыру мақсатында тауарлықөнімдер сұрыптамасын кеңейтіп, салалық нарықтарда туындайтын өзгерістерге жылдам әрекет етіп, жұмыс нәтижелілігінің жаңа арттыру жолдарын іздестіреді.

Мұнай-газ өндіретін кәсіпорындардың өндірісін әртараптандыру құрылымының өзгеруі оның дамуына елеулі әсер етеді, өндірістік қызметтің төзімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Кез-келген әртараптандыру инвестицияларды тартумен, оның даму бағыттарын таңдаумен байланысты болады. Мұнай-газ кешенін әртараптандыру – бұл ресурс сыйымдылығы айтарлықтай жоғары болатын үдеріс, ол жан-жақты экономикалық талдауды және өндірісті әртараптандыру бойынша таңдап алынған инвестициялық жобалық шешімді бағалауды талап етеді.

Әлемдік экономикалық сын-қатер жағдайларында мұнай-газ өндіретін кәсіпорындарда әртараптандыру тиімділігін бағалаудың ерекше мәні бар, себебі әртараптандыру мұнай-газ компаниясы орналасқан өңірдіңэкономикасының дамуына белгілі бір әсер ететін болады.

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі Қазақстан экономикасының шикізатқа бағытталуынан алшақтауымен және өндіріс үдерістерін әртараптандыру арқылы тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін индустриялық-инновациялық дамуына өтуімен негізделген.

Диссертацияда жасақталған мұнай-газ өндіретін кәсіпорындарда өндірісті әртараптандырудың экономикалық тиімділігін бағалау әдістемесі өңір экономикасындағы өнеркәсіптің жетекші құрылымдарының бірі ретінде

Қызылорда облысы экономикасының мұнай-газ секторын одан әрі дамыту стратегиясын әзірлеуге ұсыныс болып табылады.

Жоғарыда қарастырылған жағдайлар диссертациялық зерттеудің өзектілігін арттырады.

Зерттеу тақырыбын әзірлеу дәрежесі. Қазақстанның мұнай-газ кешенін әртараптандыру өндірістің күрделілігіне, инновациялық технологияларды енгізуге, сұрыптамасын қосылған құны тауарлық өнімнің кеңейтуге бағытталған.

Әртараптандыру санаттарын зерттеу және өндірісті әртараптандыру мәселелері Ансофф И., Рудык Н.Б., Юдина А. С., Немченко Г., Донецкой С., Дьяконова К., Байкина А.К. сияқты бірқатар авторлардың еңбектерінде анықталған.

Мұнай-газ өндірісінің, мұнай өндіру өндірістерін жасақтаудың теориялық және практикалық мәселелерін, өндірісті, соның ішінде мұнай-газ кешеніндегі әртараптандыруды экономикалық тұрғыдан келесі ғылымдар негіздеген: Хамфис, Сакс, Стиглиц, Сафонова Т. Ю., Чагарбиев С.Н., Алшанов Р.А., Шевелева А.В., Акиева Л.Б., Войтович Ю.А. Тчаро Хоноре, Степаненко А.И., Ларин С.Н., Джинхонг Я.

Мұнай-газ құрылымдарын дамытудың экономикалық механизмдері, мұнай-газ экономикасының жалпы мәселелері, инвестициялық мұнай-газ жобаларының тиімділігі бірқатар ғылымдардың еңбектерінде зерттелген, атап айтсақ: Дунаев В.Ф., Шпаков В.Д., Епифанова Н.П., Линдин В.Н., Андреев А.Ф., Березина С.А., Мартынов В.Г., Зубарева В.Д., Саркисов А.С., Шинкевич А.И., Конопляник А.А., Конопляник А.А., Макаров А. В., Ильясов И. Т., Александрова О.А., Низамова Г.З. Мазурина Е.В., Павловская А.В, Богаткина Ю.Г., Линдин Н.В., Радионова Л.Н., Толстоногов А.А., Косов М.Е.

Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласының дамуын Егоров О.И., Чигаркина О.А., Шалболова У.Ж., Егембердиева С.М., Елпанова М.А., Ниязбекова Ш.У сияқты ғалымдар зерттеп, олардың еңбектері өңірлерді кешенді пайдалану мен пропорционалды дамыту тиімділігін арттыру, минералды-шикізат ресурстарының ірі жаңа қорларын игеру, мұнай өнеркәсібінде кластер қалыптастыру, мұнай өңдеудің басымды бағыттарын қалыптастыру, ұлттық экономиканың мұнай-газ секторының инвестицияларын әртараптандыру мен тиімділігін бағалау мәселелеріне арналған.

Азия даму банкі 2018 жылы Андерсон К., Джованни Капаннелли Д., Гинтинг Э. және Танигучи К. Редакциясымен «Қазақстан: экономикалық әртараптандыруды жеделдету» атты аналитикалық жинағын жариялады. Осы аналитикалық зерттеу еңбегінде Қазақстанның мұнай-газ саласындағы әртараптандыру мәселелері мұнай-сервис қызметтерін кеңейту жағынан қарастырылған.

Кәсіпорындардың қызметін кеңейту мен тұрақты дамуына бағытталған мұнай-газ кешенін әртараптандыру үдерістері экономикалық негіздеуді талап етеді. Мұнай-газ өндіретін кәсіпорындарда өндірісті әртараптандыруды бағалаудың жетілдірілген әдістемесін әзірлеу керек. Бұл докторлық диссертацияның мақсаты мен міндетін анықтайды.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты мұнай-газ өндіретін кәсіпорындарда өндірісті әртараптандырудың экономикалық тиімділігін анықтауда теориялық ережелерді ғылыми тұрғыдан негіздеуді және практикалық ұсынымдар әзірлеумен байланысты.

Жұмыстың белгіленген мақсаты келесі **міндеттердің** қойылуы мен шешімін анықтайды:

- «өндірісті әртараптандыру» санатының теориялық-экономикалық мазмұнын зерттеу және «мұнай-газ өндіруші кәсіпорында өндірісті әртараптандыру» ұғымын айқындау;

- өндірісті әртараптандырудың экономикалық тиімділігін бағалаудың әдістемелік тәсілдемелерін негіздеу және ұлттық экономиканың мұнай-газ секторының функционалдық қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып, оның бағалау көрсеткіштерін жіктеу;

- мұнай мен газ экспорттаушы елдердің мұнай-газ секторын әртараптандырудағы шетел тәжірибесін зерттеу және әлемдік тәжірибені қазақстандық экономикасында қолдану қажеттілігін нақтылау;

- Қызылорда облысы мұнай-газ секторы кәсіпорындарының заманауи ахуалына және одан әрі даму жолдарына аналитикалық зерттеу жүргізу;

- Қызылорда облысы экономикасының мұнай-газ секторындағы өндірісті әртараптандыру үдерістерін талдау;

- Қызылорда облысының жекелеген мұнай-газ өндіретін кәсіпорындары үлгісінде өндірісті әртараптандыру бойынша экономикалық тиімділікке бағалау жүргізу;

- аналитикалық зерттеу нәтижелері бойынша әлемдік, жаһандық сын-қатерлерді ескере отырып, өңірдің мұнай-газ өндіретін кәсіпорындарын әртараптандыруды одан әрі дамытудың басым бағыттарын анықтау;

- тиімділіктің басым көрсеткіші ретінде Қызылорда облысының мұнай-газ өндіретін кәсіпорындарының өндірісін әртараптандыру жөніндегі инвестициялық жобаның өңір экономикасына зиянсыздығына бағалау жүргізу;

- өндірісті әртараптандыруды іске асыру кезінде мұнай-газ өндіруші кәсіпорындардың экономикалық тәуекелдеріне бағалау жүргізу.

Зерттеу нысаны ретінде Қызылорда облысының жетекші мұнай-газ өндіретін кәсіпорындары алынған.

Мұнай-газ секторының кәсіпорындарын әртараптандыру барысында туындайтын экономикалық қарым-қатынастар **зерттеу пәні** болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдістемелік негізін экономикалық жүйелердің дамуында мұнай-газ секторының жұмыс істеу саласындағы шетел мен қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеу нәтижелері, мұнай-газ кешенінің және жекелеген мұнай-газ кәсіпорындарының ашық материалдары, мұнай компанияларының стратегиялық даму жоспарлары, мұнай-газ секторының кәсіпорындарын әртараптандыру жөніндегі жобалар және жобалық шешімдер құрған. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің және ҚР Энергетика министрлігінің деректері, Халықаралық энергетикалық агенттігінің, «ҚазМұнайГаз» Ұ» АҚ және әртүрлі сараптамалық агенттердің аналитикалық болжамдары қолданылған. «Жер қойнауы және жер

койнауын пайдалану туралы» ҚР заңы, Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламалық құжаттары зерттеудің құқықтық құжаттары болып табылады.

Диссертацияда ғылыми зерттеудің әртүрлі жеке және кешенді әдістері қолданылған. Жеке әдістер ретінде әдеби шолу, статистикалық құжаттарды және зерттеу нысандары қызметінің нәтижелерін зерттеу, сараптамалық бағалау әдісі қолданылған. Кешенді әдістер бірнеше жеке әдіс пайдалануды білдіреді: тексеру, мониторинг жүргізу, зерттеу және нақты тәжірибені жалпылау. Жұмыста қолданылған негізгі зерттеу әдістері болып талдау, синтез, салыстыру, нақтылау, жалпылау, формалдау, пәндік үлгілеу, болжау қолданылған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- мұнай-газ кәсіпорындарының салалық ерекшелігін ескере отырып, «өндірісті әртараптандыру» ұғымы айқындалған;
- мұнай-газ өндіретін кәсіпорында өндірісті әртараптандырудың экономикалық тиімділігін бағалаудың негізгі тәсілдемелері әдістемелік тұрғыдан негізделген;
- мұнай-газ секторының кәсіпорнындағы өндіру үдерісін әртараптандырудың экономикалық тиімділігіне бағалау жүргізілген;
- мұнай-газ өндіретін кәсіпорындарда өндірісті әртараптандыруды дамыту жөніндегі ұсынымдар берілген;
- мұнай-газ өндіретін кәсіпорындарда өндірісті әртараптандыру кезінде зиянсыздығы мен тәуекелдері анықталған.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

- «мұнай-газ өндіруші кәсіпорындарда өндірісті әртараптандыру» ұғымының авторлық түсіндірмесі;
- мұнай-газ өндіретін кәсіпорында өндірісті әртараптандырудың экономикалық тиімділігін бағалаудың әдістемелік тәсілдемелері;
- мұнай-газ өндіретін кәсіпорындарда өндірісті әртараптандырудың экономикалық тиімділігі;
- Қызылорда облысының мұнай-газ өндіруші кәсіпорындарының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін әртараптандыруды жетілдірудің негізгі бағыттары.

Диссертациялық зерттеудің практикалық маңыздылығы. Жекелеген ережелер ҚР Энергетика министрлігімен елдің мұнай-газ кешенінің даму стратегиясын, Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасымен өңірдің экономикалық даму және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеген кезде пайдаланылатын болады. Зерттеу нәтижелері өңірдің мұнай-газ секторының даму бағдарламасын даярлауда «Қызылорда облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тәжірибесінде пайдаланылған.

Зерттеулердің практикалық нәтижелері өндірісті әртараптандыру бағыттарын дамыту мақсатында мұнай-газ секторының кәсіпорындарымен әдістемелік ұсынымдар ретінде өндірісті әртараптандыру жөніндегі инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау үшін жобалық ұйымдармен қабылдануы мүмкін.

Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері студенттерді, магистранттар мен докторанттарды оқыту кезінде мұнай-газ кешенің дамыту жөніндегі элективті курстарды, инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау, ұлттық экономиканың индустриялық-инновациялық дамуы жөніндегі пәндерді жүргізу барысында қолданылатын болады. Диссертация нәтижелерін ҒЗИ қызметкерлерімен және жас ғылымдармен өндірісті әртараптандыру және ел экономикасының мұнай-газ секторының даму саласында ғылыми зерттеулерді жүргізу барысында да пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертацияның жекелеген тұстары мен нәтижелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалды: «Ғаламдық экономикалық кеңістікті қалыптастыру аясындағы ұлттық экономикалық жүйелер» (Симферополь қ., 2018 ж.); «Quality management: search and solutions» (Kuala Lumpur, Malaysia, 2017 ж.); «Экономиканы жаңғырту: индустрияның ғаламдық сын-қатерлері мен трендтері жағдайларындағы алғышарттар, жайы, даму жолдары» (Нұр-Сұлтан, 2020 ж.). «Өзгеріп келетін әлемдегі экономика» халықаралық экономикалық форумында «Қазақстанның мұнай-газ саласындағы әртараптандыру» тақырыбында баяндама жасалды. (Қазан, 2018 ж.).

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 9 ғылыми еңбекте, оның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған журналдарда – 3 мақала, Scopus ғылыми-метрикалық қорының басылымында (процентиль - 53) – 1 мақала, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында– 4; оның ішінде шетелде – 3, жарияланған.

Диссертациялық жұмыстың көлемі және құрылымы. Диссертация кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиет тізімі, 40 кесте, 26 сурет, 3 қосымшадан тұрады.